



Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясын құру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 6 мамыр N 317-II

Джиддада 1999 жылғы 3 қарашада жасалған Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясын құру туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖЕКЕ СЕКТОРДЫ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ИСЛАМ КОРПОРАЦИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ОЛАРДЫҢ АТЫНАН ОСЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ҮКІМЕТ ПЕН МЕКЕМЕ

Ислам Даму Банкінің мақсаты Шариғаттың принциптеріне сәйкес
Ислам Даму Банкіне мүше-елдердегі мемлекеттік және жеке
өндірістік кәсіпорындардың өсуін қолдау жолымен экономикалық
дамуға және әлеуметтік прогреске жәрдемдесу болып
табылатындығын тани отырып;

Осы мүше-елдердегі даму жобаларын қаржыландыруды мемлекеттік
сектордан жеке секторға көшіруден көрінетін және жеке сектор
үшін мүше-елдердің экономикалық дамуына жәрдемдесуге
бұрын болып көрмеген мүмкіндіктерді тудыруға әкелетін үрдісті
НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Мүше-елдердегі өндірістік жеке кәсіпорындардың дамуына
жәрдемдесудің қажеттігін СЕЗІНЕ ОТЫРЫП;

Мүше-елдердегі жеке сектормен тиімді ынтымақтастық жасау үшін
тәуелсіз халықаралық мекемені құрудың қажеттігіне кәміл
СЕНЕ ОТЫРЫП;

ОСЫМЕН мыналар туралы келіседі:

I ТАРАУ

ҚҰРУ, ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕ, МАҚСАТЫ, ФУНКЦИЯСЫ,
ӨКІЛЕТТІГІ, САЯСАТ ЖӘНЕ МҮШЕЛІК

1-бап

Құру

Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясы (бұдан әрі

"Корпорация" деп аталады) осы Келісімнің 3-бабының 1-тармағында көрсетілгендей қоғамдық маңызы бар мақсаттарды орындау үшін халықаралық мамандандырылған мекеме ретінде осы Келісімнің негізінде құрылады.

2-бап

Заңдық мәртебе

Корпорация толық заңдық жауапкершілікке және атап айтқанда:

- (i) келісім-шарттар жасасуға;
- (ii) мүлікті сатып алуға және иелік етуге;
- (iii) төрелік инстанцияларда және соттарда қаралғанға дейін құқықтық рәсімдерді жүргізуге толық құқыққа ие.

3-бап

Мақсаты

1. Корпорацияның мақсаты Ислам Даму Банкінің (бұдан әрі "Банк" деп аталатын) қызметін толықтыра түсетіндей жолмен тауарлар өндіретін және қызметтер көрсететін жеке кәсіпорындарды құруға, кеңейтуге және жаңғыртуға қолдау көрсету арқылы Шариғаттың принциптеріне сәйкес оған мүше-елдерінің экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін мүше-елдердегі мемлекеттің немесе олардың қоғамдық құрылымдарының ішінара қатысу үлесі бар немесе коммерциялық негізде жұмыс істейтін және қызметі жеке секторды нығайтатын мемлекетке тиесілі қырық тоғыз пайызынан аспайтын дауыс беруші акциялары бар кәсіпорындар жеке кәсіпорындар болып саналады.

4-бап

Функциясы

1. Өзінің мақсатын орындау үшін Корпорация 3-бапта айтылатын кәсіпорындарды қолдауға мынадай функцияларды өзіне ала алады:

(a) жеке тәртіппен немесе басқа да қаржыландыру көздерімен бірлесіп, Корпорация әрбір жағдайда қолайлы деп санайтын қаржылық құралдар мен тетіктерді пайдалана отырып, жеке кәсіпорындарды құруды, кеңейтуді және жаңғыртуды қаржыландыруға жәрдемдесу;

(b) капитал рыногына қол жетімділікті қоса алғанда, жеке және қоғамдық капиталға, ішкі және шетелдік капиталға олардың қол жетімділігін жеңілдету;

(c) мүше-елдерге инвестицияларға жұмсау үшін жеке, ішкі және шетелдік капиталдың құйылуына жағдай жасайтын инвестициялық мүмкіндіктерді дамытуды

ынталандыру;

(d) Корпорация қаражатын ұтымды басқаруға негізделген қағидаттармен ұштаса біте қайнасуын тиісінше сақтай отырып, қаржы өнімдерін дамытуға және әртараптандыруға жәрдемдесу;

(e) тиісті технологияларды беруді қоса алғанда, жобаларды даярлау, қаржыландыру және орындау үшін техникалық көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

2. Корпорация мүше-елдерге және олардың мемлекеттік және жеке кәсіпорындарына жеке инвестициялар үшін қолайлы орта туғызу, инвестициялық мүмкіндіктерді айқындау және оларды алға жылжыту, иесі жалғыз мекемелерді және жауапкершілігі шектеулі жеке компанияларды акционерлік компаниялар етіп қайта құру, мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, жеке кәсіпорындарды қосу және капитал рыногын дамыту сияқты оның мақсаттарына жататын мәселелер бойынша консультациялық қызметтер ұсына алады.

5-бап Өкілеттік

1. Корпорация өзінің мақсатын орындау үшін Корпорацияның Директорлар Кеңесі шығарған Ережелерге сәйкес келетін кез келген экономикалық немесе қаржылық қызметті жүзеге асыру өкілеттігіне ие.

2. Корпорация Келісімнің осы Бабының 1-тармағының жалпы сипатын бекіту үшін нұқсан келтірмей мынадай өкілеттіктерге ие:

(a) мынадай сипаттаманың бірінен немесе бірнешеуінен ерекшеленетін жобаларға артықшылық бере отырып, экономикалық жағынан жүзеге асыру және тиімділік өлшемдеріне сәйкес келетін жеке сектор саласындағы жобаларды айқындау және оларға жәрдемдесу:

(i) олар Корпорацияның мүше-елдерінде адам ресурстарын және материалдық ресурстарды дамытуға және пайдалануға жәрдемдеседі;

(ii) олар жұмыс орындарын құруды ынталандырады;

(iii) олар ақпараттық технологияларға жәрдемдеседі;

(iv) олар, инвестицияларда қаражаттың үнемделуін және капиталдың пайдаланылуын көтермелейді, осының арқасында тауарлар өндіріледі және қызметтер көрсетіледі;

(v) олар шетел валютасында қаражат алуға және/немесе оны үнемдеуге ықпал етеді; және

(vi) олар басқарушы қабілеттің көрінуіне және технологияларды беруге жәрдемдеседі; және

(vii) олар мұндай кәсіпорындардың акционерлік капиталына инвесторлардың мүмкін болатын көпшілік санының қатысуы арқасында кәсіпорындарды неғұрлым кең

ауқымды қоғамдық иеленуге ықпал етеді.

(b) ислам қаржы құралдары арқылы және акцияларды немесе дауыс беруге қатысу құқығының көпшілігі мүше-елдерде азаматтығы бар инвесторларға тиесілі кәсіпорындардағы айырбасталатын борыштық құралдарды жаздыру және сатып алу артықшылығы арқасында, сондай-ақ шектеулі жағдайларда Директорлар Кеңесінің мақұлдауы қажет болған жағдайда, дауыс беруге қатысу құқығы көбінесе басқа елдердің инвесторларына тиесілі және өзгеше қол жетімділігі жоқ оларға елеулі мөлшерде жергілікті маңызы бар қосылған құн алынатын мүше-елдерде орналасқан шағын және орта кәсіпорындарға тікелей инвестицияларды жүзеге асыру;

(c) акциялар және квази-акциялар, лизинг, мерзімін ұзартып сату, истисна'а, салам, мудараба, мурахаба нысанындағы құралдарды қоса алғанда, бірақ шектеліп қалмай қатерлерді басқару жөніндегі қызметтер мен кепілдіктерді қаржылық өнімдер мен қызметтерді ұсыну;

(d) синдикатталған бірлестіктерді ұйымдастыруды, бағалы қағаздарды орналастыруды және сатып алуды ұйымдастыруды, бірлескен кәсіпорындар мен басқа да бірлескен нысандарын ұйымдастыруды қоса алғанда, тиісті тәсілдермен басқа да қаржыландыру көздерінің қатысуына және/немесе сараптау қызметтеріне жәрдемдесу;

(e) мудхараба, лизингтік және истисна'а облигацияларын және басқа да қаржылық құралдарды шығару;

(f) акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды орналастыруға жәрдемдесу және тиісті талаптарды сақтаған кезде - жеке тәртіппен немесе басқа да қаржылық ұйымдармен бірлесіп одан әрі орналастыру көлемін кеңейту;

(g) мүше-елдердегі институционалдық және басқа да инвесторларға мүлікті басқару жөнінде қызметтер көрсету;

(h) қор ресурстарын жинақтау және осы мақсат үшін түскен көзіне қарамастан, Корпорация берген жинақталған ресурстар немесе кепілдіктер бойынша төленбеген жалпы сома жазылу бойынша шығарылған акционерлік капиталдың, жинақталған таза пайданың және резервтердің үш еселенген сомасына тең сомадан аспауы тиіс болатын жағдайда, Корпорация айқындағаны сияқты осындай кепілдік беру немесе өзге де қамтамасыз ету;

(i) өздерінің қаржылық операцияларында шұғыл түрде іске жаратуға қолданылмаған, сондай-ақ онда басқа да мақсаттар үшін сақталған қаражатты Корпорация айқындай алатын осындай нарықтық міндеттемелерге және бағалы қағаздарға инвестициялау;

(j) ол олардың сатылуын жеңілдету үшін инвестициялаған бағалы қағаздарға кепілдік беру;

(k) олар шығарған және/немесе кепілдік берген немесе ол инвестициялаған бағалы қағаздарды сатып алу және/немесе сату;

(l) Корпорация айқындай алатын осындай шарттарда Корпорация өзінің мүшелері

немесе үшінші тұлға сеніп тапсыра алатын оның қызметіне байланысты кез келген нақтылы мәселелерді қарау және сенімгерлік меншік негізінде мүлікке билік етуге қатысты сенімгерлік меншіктің міндеттемелерін орындау.

6-бап Саясат

Корпорацияның қызметі Корпорацияның Директорлар Кеңесі мақұлдаған Ережеде, қажет болған кезде оған түзетулер енгізіле отырып, егжей-тегжейлі баяндалатын инвестициялық саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

7-бап Мүшелер

1. Осы Келісімге 60-баптың 1-тармағында көрсетілген күні қол қойған және осы Келісімнің 10-бабында айтылған бастапқы төлемді жүргізген Банк Банктің сол мүше-елдері және сол мүше-елдердің мекемелері Корпорация мүшелері-құрылтайшылары болып табылады.

2. Банктің басқа да мүше-елдері және өздері көбіне мүше-елдерге немесе Банктің мүше-елдеріне жататын немесе олар бақылайтын басқа да қаржылық мекемелер дауыстардың жалпы санының кемінде үштен екісін білдіретін мүшелердің көпшілік дауысымен Корпорацияның Жалпы Жиналысы айқындай алатын осындай күні және осындай шарттарға сәйкес осы Келісімге

қосыла алады.

3. Жалпы Жиналыс ол өзі айқындай алатын осындай шарттарда және ережелерде жеке сектор құру үшін дауыс беруге қатысуға құқығы бар мүшелердің кемінде төрттен үшін білдіретін мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екі дауысымен осы Келісім күшіне енгізілгеннен кейінгі кез келген уақытта Корпорацияда мүшелік аша алады.

II ТАРАУ ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ

8-бап Капитал

1. Корпорацияның жарғылық капиталы бір миллиард АҚШ долларын (1,000,000,000

АҚШ доллары) құрайды, бес жүз миллион АҚШ доллары (500,000,000 АҚШ доллары) оның мүше-құрылтайшылардың жазылуы үшін бастапқы кезде беріледі. Банк көрсетілген соманың екіншісінің елу пайызына жазылады.

2. Жарғылық капитал әрбір акцияның номиналды құны он мың АҚШ долларын (10,000 АҚШ доллары) құрайтын жүз мың (100,000) акцияға бөлінеді.

Мүше-құрылтайшылар бастапқы жазылуды жүргізбеген акциялар осы Келісімнің 9-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес келесі жазылу үшін беріледі.

3. Жалпы Жиналыс дауыс беруге қатысуға құқығы бар мүшелердің кемінде төрттен үшін білдіретін мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екі дауысымен қолайлы деп табылуы мүмкін осындай уақытта және осындай шарттарда жарғылық капиталды ұлғайтылуын жүзеге асыра алады.

9-бап

Жазылу

1. Құрылтайшылар болып табылатын Банк және мүше-елдер осы Келісімге А Қосымшасында көрсетілген акциялардың санына бастапқы жазылуды жүргізеді.

2. Әрбір басқа мүше-құрылтайшы кемінде жүз акцияға жазылуды жүргізеді.

3. Мүше-құрылтайшылар бастапқы жазылуды жүргізген акциялар номиналды құнымен шығарылады.

4. Мүше-құрылтайшылар акцияға бастапқы жазылғаннан кейін 2 (8) бапқа сәйкес жазылу жүргізілмеген акцияларды шығаруға жазылуды реттейтін шарттарды, сондай-ақ оларға ақы төлеу мерзімдерін Корпорацияның Жалпы Жиналысы айқындайды.

5. Егер Жалпы Жиналыс Корпорацияның акционерлік капиталын ұлғайту туралы шешім қабылдаса, әрбір мүше Жалпы Жиналыс айқындайтын осындай шарттарда және ережелерде акционерлік капиталды ұлғайту мөлшеріне қарай бұған дейін жазылу жүргізілген оның акционерлік капиталының бөлігі тікелей осындай ұлғайтуға дейін акционерлік капиталдың жазылу бойынша шығарылған жалпы сомаға сәйкестендірілген мөлшерлес тең бөлігіне жазылу жүргізуге тиісті мүмкіндігі бар.

6. Жалпы Жиналыс осы Баптың 5-тармағын ескере отырып, мүшенің өтініші бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы бар мүшелердің жалпы санының көпшілігін білдіретін мүшелер саны дауысының көпшілігімен осындай мүшенің акционерлік капиталға Жалпы Жиналыс айқындай алатын осындай шарттарда және ережелерде осындай мүшенің жазылымын ұлғайтуды жүргізе алады.

10-бап

Жазылуға ақы төлеу

1. Банк жыл сайынғы, тең және дәйекті үш рет жарналармен жазылу жүргізілген акциялардың құнын төлейді. Бірінші жарна Банк осы Келісімнің 61 (2)-бабына сәйкес Корпорацияның мүшесі болғаннан кейін отыз күннің ішінде төленеді. Басқа жарналардың әрқайсысы келесі жарнаның мерзімі басталған және ол төлеуге жататын күннен кейін бір жыл өткен соң төленеді.

2. Банк құрылтайшы болып табылатын әрбір мүше-елдің атынан осындай ел бастапқы жазылымды жүргізген акцияның құнын төлейді. Жарналардың саны және оларды төлеу мерзімдерін Банк Атқарушы Директорлар Кеңесімен бірлесіп, Корпорациялық Директорлар Кеңесі айқындайды.

3. Әрбір басқа мүше-құрылтайшы жыл сайын, тең және дәйекті бес рет жарналармен жазылу жүргізген акциялардың құнын төлейді. Бірінші жарна сөз болып отырған мүше-құрылтайшы осы Келісімнің 61 (2) бабына сәйкес Корпорацияның мүшесі болғаннан кейін отыз күннің ішінде төленеді. Басқа жарналардың әрқайсысы келесі жарнаның мерзімі басталған және ол төлеуге жататын күннен кейін бір жыл өткен соң төленеді.

4. Акциялардың құны Америка Құрама Штаттарының долларымен төленеді. Корпорация төлем орнын немесе орындарын айқындайды.

11-бап

Акцияларды Беру және Кепілге салу бойынша Шектеулер

Корпорацияның акциялары, егер тек Жалпы Жиналыс олардың дауыстарының жалпы санының үштен екісін білдіретін санды көпшілігімен мүшелердің арасында беруді мақұлдаса, Корпорацияның өзін қоспағанда, кепілге берілуі, қандай да болмасын міндеттемелермен ауыртпалық салынуы немесе

сипатына қарамастан қандай да болсын тәсілмен кепілге берілуі мүмкін емес.

12-бап

Міндеттемелері бойынша Шектеулер

Банкті қоса алғанда, Мүшелердің шығарылған акцияларға қатысты олардың міндеттемелері шығарылуы кезінде олардың құнының төленбеген бөлігімен шектеледі. Банкті қоса алғанда, ешқандай мүше Корпорацияның міндеттемелері үшін өзінің мүшелігі негізінде жауапты болмайды.

13-бап

Басқа да ресурстар

Корпорация мынадай ресурстары:

(а) Корпорацияның инвестициялардан алатын дивидендтер, комиссиялар және басқа да қаражат түрінде есептелетін сомаларды;

(b) инвестицияларды сату немесе қаржыландыруды өтеу кезінде алынған сомаларды;

(c) Корпорация әр түрлі құралдар арқылы алған сомаларды; және

(d) басқару үшін Корпорацияға сеніп тапсырылған басқа да қаражатты қамтиды.

III ТАРАУ

ҚЫЗМЕТІ

14-бап

Қолданыстағы Қағидаттар

1. Корпорация қаржыландыратын кәсіпорындардың талаптарын, экологиялық қатерлерді, Корпорация өзіне алатын қатерлерді және әдетте исламдық ұқсас қаржыландыруға қатысты жеке инвестор мойындайтын шарттар мен ережелерді ескере отырып, белгілі бір мән-жайда өзі қолайлы деп санайтын шарттар мен ережелер негізінде қаржы береді.

2. Ол сату 5 (2) (a) (vii)-бабына сәйкес қол жеткізілетіндей шекте тиесілі нысанда және қолайлы шарттарда жүргізілуі мүмкін жағдайда өздерінің инвестицияларын сатудың арқасында өз қаражатын қайта жаңартуды қамтамасыз етеді.

3. Ол өз инвестицияларында тиісті әртараптандыруды ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

4. Ол инвестицияларды негіздеу және ұсынылған кепілдіктердің белгіленген талаптарға сәйкестігін қарау үшін қатысты талап етілуі мүмкін жүзеге асырылуының қаржылық, техникалық, экономикалық, құқықтық, экологиялық және институционалдық сияқты принциптерін және бағалау өлшемдерін қолданады.

5. Егер олардың капиталындағы оның үлесі акционерлік капиталдың жазылымы бойынша шығарылған жалпы соманың 5 пайызынан аспайтын болса, ол қаржыландыратын немесе инвестициялайтын Басқармадағы корпоративтік құрылымдардың өкілдігін қамтамасыз етеді.

6. Ол Шариғат Комитеті Шариғаттың талаптарына сәйкес емес ретінде айқындаған немесе Корпорация осы Келісімге немесе осы Келісімге сәйкес шығарылатын Ережеге қайшы келеді деп санайтын 29-бапты сөз болған инвестициялардың санатына жататын ешқандай операцияны орындамайды.

7. Ол күнілгері айқындалған елде өндірілетін тауарларды сатып алуға және қызметтерді сатып алуға оның қаржыландыруынан түскен қаражатты пайдалануды шарт ретінде қоймайды.

8. Ол өзі инвестициялаған қандай болсын кәсіпорынды басқаруды өзіне жауапкершілікке қабылдамайды және осындай немесе оның пікірі бойынша тиісті

түрде басқарушылық бақылауға қолданылатын қандай да болсын өзге мақсат үшін өзінің дауыс беруге қатысу құқығын жүзеге асырмайды.

15-бап

Шектеу

1. Осы Келісімнің 5 (2) (i)-бабында айтылған Корпорацияның өтімді активтерін инвестициялау туралы сөз болған жағдайларды қоспағанда, Корпорацияның инвестициялары мүше-елдердегі немесе айрықша немесе ең бастысы мүше-елдердің пайдасы үшін жұмыс істейтін кәсіпорындарда ғана жүзеге асырылады; мұндай инвестициялар қаржылық қызметті басқарудың белгіленген ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Корпорация, егер мүше-ел мұндай қаржыландыруға қарсылық білдірсе, мүше-елдің аумағындағы қандай да болсын міндеттемені қаржыландырмайды.

16-бап

Мүдделерді Қорғау

Осы Келісімде ешнәрсе Корпорацияға осындай әрекеттерді орындауда және оның инвестицияларының немесе қаржыландыруының қандай да біріне қатысты міндеттемелерді орындамаған немесе осындай инвестициялар немесе қаржыландыру жүзеге асырылған, кәсіпорындардың іс жүзіндегі немесе қатер төндіретін төлем қабілетсіздігі жағдайда немесе Корпорацияның пікірі бойынша осындай инвестициялар немесе қаржыландыру қатерге ұшыратуы төнген басқа да жағдайларда оның мүдделерін қорғау үшін ол қажет деп санайтын осындай әрекеттерді орындауына және осындай құқықтарды жүзеге асыруына

кедергі келтірмейді.

17-бап

Саяси Қызметке Тыйым Салу

Корпорация, оның Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Директорлар Кеңесінің мүшелері, Бас Басқарушы, лауазымды тұлғалар және қызметтік персоналдың мүшелері қандай да болсын мүше-елдің саяси ісіне араласпайды; олардың шешімдерінде мүдделі мүше-елдің саяси ерекшеліктері оған әсер етпейді.

IV ТАРАУ

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

18-бап

Құрылым

Корпорацияның құрамына Жалпы Жиналыс, Директорлар Кеңесі, Атқарушы Комитет, Консультативтік Комитет, Шариғат Комитеті, Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Бас Басқарушы және Корпорацияның Директорлар Кеңесі рұқсат еткен шекте Корпорацияны ойдағыдай басқару үшін қажет болуы мүмкін лауазымды тұлғалар мен қызметтік персонал мүшелері кіреді.

19-бап Жалпы Жиналыс

1. Әрбір мүшенің Жалпы Жиналыста білдіретін адамы болуы тиіс және

тағайындаған мүшенің қалауы бойынша әрекет ететін бір өкіл тағайындайды.

2. Жалпы Жиналыста Мүшенің өкілдері Корпорацияның тарапынан сыйақысыз осындай өкіл ретінде әрекет ете алады, бірақ Корпорация қажеттігі бойынша оның жиналыстарға қатысқан кездегі шығыстарының орнын толтыра алады.

3. Жалпы Жиналыс мүше-елдердің өкілдерінің бірін Төраға етіп тағайындайды, ол бұл лауазымды жыл сайын өтетін Жалпы Жиналыстың келесі мәжілісінде Төраға сайлағанға дейін атқарады.

20-бап

Жалпы Жиналыс: Өкілеттік

1. Корпорацияның бүкіл өзінің өкілеттіктеріне Жалпы Жиналыста берілетін болады.

2. Жалпы Жиналыс Директорлар Кеңесіне мына өкілеттіктерден басқа өзінің қандай да болсын немесе барлық өкілеттіктерін бере алады:

- (a) жаңа мүшелер қабылдау және оларды қабылдау шарттарын белгілеу;
- (b) Корпорацияның акционерлік капиталын ұлғайту немесе азайту;
- (c) Мүшелікті тоқтата тұру;
- (d) Директорлар Кеңесі беретін осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға апелляциялар бойынша шешімдер қабылдау;
- (e) қаралғаннан кейін аудитордың есебін, Корпорацияның түпкілікті есебін бекіту;
- (f) Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау;
- (g) Корпорацияның резервтерін айқындау және таза табысын және

бөлінбеген пайдасын бөлу;

(h) Корпорацияның түпкілікті есептерін қарау үшін жалдануға алынған сыртқы аудиторлардың қызметтерін пайдалану;

(i) осы Келісімге түзетулер енгізу; және

(j) Корпорацияның қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату және оның мүлкін бөлу туралы шешім қабылдау.

3. Жалпы Жиналыс және уәкілеттігі болатын шекте Директорлар Кеңесі қызметтік персоналға, зейнетақыға және басқа да жәрдемақыларға жататын Ережені және Қағиданы қоса алғанда, Корпорацияның қызметін жүзеге асыру үшін қажет немесе орынды болуы мүмкін осындай жалпы ережелер мен қағидаларды қабылдауы мүмкін.

4. Жалпы Жиналыс комитетті құра алады және оған Корпорация қызметінің көрсеткіштерін бағалауды жүргізуді және Корпорацияның Директорлар Кеңесінің Төрағасына бұл туралы есептер беруді тапсыруы мүмкін.

5. Жалпы Жиналыс осы Баптың (2) және (3) тармақтарына сәйкес Директорлар Кеңесіне қандай да болсын мәселеге қатысты өкілеттігін жүзеге асыру құқығын өзінде толығымен сақтайды.

21-бап

Жалпы Жиналыс: Рәсімдер

1. Жалпы Жиналыс жыл сайын Банк Басқарушылары Кеңесінің жыл сайынғы жиналысымен бірлесіп, өзінің мәжілісін өткізеді. Ол мәжілісті Жалпы Жиналыстың пікірі бойынша қажеттілігі бар басқа да жағдайлар немесе Директорлар Кеңесі шақыруы бойынша өткізе алады. Директорлар Кеңесі Жалпы Жиналысты Корпорация мүшелерінің үштен бірі талап еткен кез келген уақытта шақыруы тиіс.

2. Жалпы Жиналыс мүшелерінің көпшілігі осындай көпшілік дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы санының үштен екісін білдіретін болған жағдайда, Жалпы Жиналыстың кез келген мәжілісі үшін кворум құрады.

3. Жалпы Жиналыс шешім бойынша рәсімді тағайындайды осыған сәйкес Директорлар Кеңесі Жалпы Жиналысты шақырмай-ақ осындай әрекетін өзі орынды деп санаған жағдайларда нақтылай мәселе бойынша Жалпы Жиналыс мүшелерінің дауысын алады.

22-бап

Дауыс беру

1. Әрбір мүше жазылу жүргізілген және ақысы төленген әрбір акция бойынша бір дауысқа ие.

2. Осы Келісімде өзгеше көзделетін жағдайларды қоспағанда, Жалпы Жиналыстың карауына ұсынылған барлық мәселелер жиналысқа ұсынылған дауыс беру құқығы бар қатысушылардың көпшілік дауысымен шешіледі.

23-бап

Директорлар Кеңесі: Құрамы

1. Директорлар Кеңесі кемінде алты адамнан және Директорлар Кеңесінің Төрағасын және Бас Басқарушыны санамағанда, оннан кем емес мүшеден тұрады.

2. Банк Директорлар Кеңесінің Төрағасымен және Бас Басқарушымен бірге Директорлар Кеңесі құрамының жартысын білдіретін Директорлар Кеңесінің бір немесе одан көп мүшелерін тағайындайды.

3. Бір мүшені Корпорация акцияларының ең көп санына ие мүше-ел тағайындайды.

4. Директорлар Кеңесінің басқа мүшелерін акциялардың ең көп санына ие мүшені қоспағанда, басқа мүшелер сайлайды.

5. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау рәсімдері Жалпы Жиналыстың қабылдайтын Ережесінде баяндалады.

6. Директорлар Кеңесінің мүшелері ұзақтығы үш жыл кезеңге тағайындалады немесе сайланады және қайта сайлануы мүмкін. Сайланған Директорлар Кеңесінің мүшелері қатарынан екі реттен аспайтын мерзімге сайлануы мүмкін. Директорлар Кеңесі мүшелерінің лауазымға келуі оларды құқықтық мирасқоры тағайындалғанға немесе сайланғанға дейін созылады. Егер Директорлар Кеңесі мүшесінің лауазымы ол лауазымға келген мерзім аяқталғанға дейін тоқсан (90) күннен артық бойы бос болса, құқықтық мирасқор мән-жайға байланысты - Директорлар Кеңесінің бұрынғы мүшесін тағайындаған немесе сайлаған осындай мерзімнің қалған бөлігіне мүше немесе мүшелер болып тағайындалады немесе сайланады.

7. Директорлар Кеңесі мүшелерінің Корпорацияның қызметі саласында

кажетті біліктілік пен тәжірибеге ие болуы тиіс.

8. Директорлар Кеңесінің бірде бір мүшесі бір мезгілде Корпорация Жалпы Жиналысының мүшесі бола алмайды.

9. Директорлар Кеңесінің мүшесі, егер оның тағайындалу немесе сайлану пайдасына дауыстары есептелген мүше немесе барлық мүшелер Корпорацияның мүшелері болуын тоқтатқанда, лауазымын атқаруды тоқтатады.

24-бап

Директорлар Кеңесі: Өкілеттіктер

Директорлар Кеңесі Корпорацияның қызметін жалпы жүргізуге жауапты болып табылады және осы мақсат үшін оған осы Келісімнің негізінде берілген немесе оған Жалпы Жиналыс табыстаған барлық өкілеттіктерді жүзеге асырады. Атап айтқанда, Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесі Төрағасының ұсынуы бойынша:

- (a) Корпорацияның стратегиясын және оның жалпы ережелері мен тәртібін қабылдайды;
- (b) Корпорацияның жұмыс стратегиясын қабылдайды;
- (c) жыл сайынғы әкімшілік бюджетті қабылдайды;
- (d) әрбір қаржы жылы бойынша түпкілікті есептерді Жалпы Жиналыстың бекітуіне ұсынады;
- (e) осы Келісімнің ережелерін талқылайды;
- (f) Жалпы Жиналыста осы Келісімге түзетулерді ұсынады;
- (g) ол Корпорацияның қызметін жүзеге асыру немесе оның мақсаттарына жәрдемдесу үшін қолайлы деп санайтын осы Келісімнің ережелеріне немесе Жалпы Жиналыстың шешімдеріне қайшы келетін кез келген басқа әрекеттерді орындайды;

25-бап

Директорлар Кеңесі: Рәсімдер

1. Директорлар Кеңесі өзінің жұмысын Корпорацияның бас офисінде немесе Кеңес тағайындайтын осындай басқа жерде жүргізеді және өзінің жиналыстарын мерзімінде және Корпорацияның ағымдағы қызметі талап ететін тәсілмен жүзеге асырады.

2. Директорлар Кеңесі мүшелерінің көпшілігі мұндай сан дауыс беруге қатысуға құқығы бар мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісін білдірген жағдайда, Директорлар Кеңесінің кез келген жиналысы үшін кворум құрайды.

3. Осы Баптың (4) тармағын ескере отырып, Директорлар Кеңесінде дауыс берілген кезде Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі дауыстары оны тағайындаудың немесе сайлаудың пайдасына есептелген Корпорацияның әрбір мүшесінің немесе мүшелерінің дауыстары санын алуға құқығы бар.

4. Банктің тағайындаған Директорлар Кеңесінің мүшелерінде олардың

арасында тең тәсілмен бөлінген Банктің дауыстары болады.

5. Осы Келісімде тікелей нысанда өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Директорлар Кеңесінің қарауына ұсынылған барлық мәселелер жиналысқа қатысуға құқығы бар мүшелердің көпшілік дауысымен жиналыста

шешіледі.

6. Директорлар Кеңесінің мүшесінің дауыс беруге құқығы бар бүкіл дауыстары тұтастай түрде беріледі.

7. Дауыстар тең болған жағдайда, Кеңесте Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

26-бап

Атқарушы Комитет

1. Атқарушы Комитеттің құрамына мына тұлғалар кіреді:

(a) Директорлар Кеңесінің Төрағасы;

(b) Корпорацияның Бас Басқарушысы;

(c) Корпорацияда акциялардың ең көп саны бар мүше-ел тағайындаған Директорлар Кеңесінің мүшесі;

(d) Директорлар Кеңесі анықтағаны сияқты басқа мүшелерді білдіретін Директорлар Кеңесі мүшелерінің қатарынан кемінде екі және төрттен көп емес мүше.

2. Директорлар Кеңесінің Төрағасы және ол болмаған кезде Корпорацияның Бас Басқарушысы Атқарушы Комитеттің жиналысын басқарады және жиналысқа басшылық жасау кезінде дауыстар тең болған жағдайда дауысы шешуші болып табылатындығы туралы сөз болған жағдайдан басқа, оның дауыс беру құқығы болмайды.

27-бап

Атқарушы Комитет: Функциялары

Комитеттің 31 (5)-Бапқа нұқсан келтірмей-ақ мүше-елдердегі кәсіпорындарға Корпорацияның жұмсалатын барлық қаржылары мен инвестицияларын мақұлдауға өкілеттігі бар және оған Директорлар Кеңесі берген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

28-бап

Атқарушы Комитет: Рәсімдер

1. Барлық қаржыландыру мен инвестициялар Комитеттің дауыс беруге қатысатын көпшілік мүшесінің мақұлдауын талап етеді. Қатыспау немесе қалыс қалу дауыс беру кезінде есептелмейді.

2. Комитеттің көпшілік мүшесінің қатысуы оның кез келген жиналысы үшін

кворумды қамтамасыз етеді.

3. Комитет мақұлдаған әрбір қаржылық операцияға қатысты есеп Директорлар Кеңесіне ұсынылады. Директорлар Кеңесі мүшесінің өтініш бойынша осындай операция Кеңеске дауыс беруге ұсынылады. Егер отыз күн ішінде осындай өтініш Кеңеске ұсынылмаса, операцияны Кеңес мақұлдаған болып саналады.

4. Ұсынылып отырған қаржылық операцияға қатысты дауыстар тең болған жағдайда осындай ұсыныс Басшылыққа қосымша қарау мен талдауға қайтарылады; егер Комитетте қайта қаралғаннан кейін тағы да дауыстардың теңдігі орын алса, Төрағаның Комитетте шешуші дауыс беру құқығы бар.

5. Егер Комитет ұсынылып отырған қаржылық операцияны қабылдамай тастаса, ол бұл туралы Директорлар Кеңесінің қандай да бір мүшесінің өтініші бойынша Басшылықтың осындай операция бойынша есебі Комитет өткізген қысқаша баяндаумен бірге Кеңестің талқылауына және операцияға жататын стратегияға және болашақта ұқсас операцияларға қатысты техникалық және стратегиялық мәселелер жөнінде ықтимал нұсқаулар үшін ұсынылуын талап ете алатын Директорлар Кеңесінің мүшелеріне хабарлайды.

29-бап

Шариғат Комитеті

1. Корпорацияның құрамына қаржылық операцияларда жақсы тәжірибесі бар үш мүшеден - исламтану саласындағы ғалымдардан тұратын Шариғат Комитеті кіреді. Шариғат Комитеттің мүшелерін үш жыл мерзімге, осы мерзімді мүмкіндігінше жаңарта отырып, Директорлар Кеңесі тағайындайды.

2. Шариғат Комитеті инвестициялардың белгілі бір санаты Шариғаттың

талаптарына сай келетін туралы шешім шығарады және Директорлар Кеңесі немесе Атқарушы Комитет немесе Корпорацияның Басшылығы оның қарауына берген кез келген мәселені қарайды.

3. Комитет Басшылықтың және сарапшылардың олар бойынша консультация жүргізгісі келетін пікірлерін зерделегеннен кейін өзінің шешімдерін шығарады.

4. Шариғат Комитетінің шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және оларда осындай шешімді анықтаған дәлелдемелер мен негіздер айтылады.

30-бап

Консультативтік Кеңес

1. Корпорацияның құрамына әр түрлі елдерден, Корпорацияның қызметіне байланысты салаларда халықаралық танымал сарапшылары бар бес мүшеден тұратын Консультативтік Кеңес кіруі мүмкін.

2. Консультативтік Кеңестің мүшелері үш жыл мерзімге, осы мерзімді мүмкіндігінше жаңарта отырып, Жалпы Жиналыста тағайындалады.

3. Консультативтік Кеңес пікір алмасу жүргізеді және оған Жалпы Жиналыс, Директорлар Кеңесі, Атқарушы Комитет, Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Бас Басқарушы ұсынған кез келген мәселелер бойынша есеп береді. Консультативтік Кеңесте айтылған барлық пікірлер оның есептерінде көрсетіледі.

31-бап

Төраға, Бас Басқарушы және Лауазымды Тұлғалар

1. Банк Президенті атқарып отырған лауазымына байланысты Корпорацияның Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып табылады. Ол Директорлар Кеңесінің жиналыстарына басшылық жасайды, бірақ дауыстар тең болған жағдайлардан басқа, дауыс беру құқығы жоқ. Ол Жалпы Жиналыстың отырыстарына қатысады, бірақ осындай отырыстарда дауыс бермейді.

2. Бас Басқарушыны Директорлар Кеңесі Төрағасының ұсынымы бойынша Директорлар Кеңесі тағайындайды. Бас Басқарушы мүше-елдің азаматы болып табылады. Бас Басқарушының лауазымға келуінің ұзартылуы мүмкін мерзімін және оны тағайындау шартын Директорлар Кеңесі анықтайды.

3. Бас Басқарушы Корпорацияның бас әкімшісі болып табылады және Директорлар Кеңесі Төрағасының жалпы қадағалауымен Корпорацияның ағымдағы қызметін жүргізеді. Бас Басқарушы Корпорация қабылдаған Қағидаға және Ережеге сәйкес лауазымды тұлғалар мен қызметтік персонал мүшелерін ұйымдастыруға, тағайындауға және босатуға жауапты болып табылады.

4. Бас Басқарушы дауыстар тең болған кезде Төрағаның міндетін атқаратын жағдайлардан басқа, дауыс беру құқығынсыз Директорлар Кеңесінің және Атқарушы Комитеттің мүшесі болып табылады.

5. Директорлар Кеңесі рұқсат ететін шектерде Бас Басқарушы мүше-елдердегі кәсіпорындарды Корпорацияның қаржыландыруы мен инвестициялар жұмсалуды мақұлдайды.

6. Арнайы білімді талап ететін немесе қарапайым қызметтік персоналдың күшімен орындалуы мүмкін емес қызметтік орындалуы тиіс әрбір кезде өздеріне қызмет

көрсететін сарапшылар мен консультанттарды уақытша жалдауға рұқсат етіледі.

7. Корпорацияның қызметтік персоналының лауазымды тұлғалары мен мүшелерінің өздерінің міндеттерін атқару кезінде Корпорация алдында толық моральдық міндеттемелері болады. Өздерінің міндеттерін атқару кезінде Корпорацияның әрбір мүшесі осындай міндеттемелердің халықаралық сипатын құрметтеуге міндетті және Корпорацияның әрбір мүшесі олардың қайсы біреуіне сол қызмет тигізуі мүмкін кез келген іс-қимылдан қалыс қалады.

8. Корпорацияның қызметтік персонал мүшелерін тағайындау және олардың жұмыс істеуіне жағдай жасау кезінде бірінші кезекте маңызы бар ретінде Корпорация ұйымдық-техникалық деңгейге жататын жоғары стандарттарды, құзыреттілікті қамтамасыз етудің қажеттілігіне және кәсіптік және этикалық сипат талаптарына тиісті назар аударады. Сол сияқты жұмысқа қабылданатындардың мүмкіндігінше кеңірек географиялық ұсынылуын қамтамасыз етуге тиісті назар аударылады.

32-бап

Жылдық Есептерді Жариялау және Тарату

1. Корпорация өзінің шоттары туралы аудит жасалған есепті қамтитын жылдық есепті жариялайды. Ол, сол сияқты, мүшелерге оның қаржылық жағдайы туралы жыл сайынғы деректер жинағын және оның қызметінің нәтижелері келтірілетін пайдалары мен шығындары туралы есеп береді.

2. Корпорация, сол сияқты, кез келген осындай басқа есептерді және өзінің мақсаттары мен өзінің функцияларын орындау үшін қажет деп санайтын хабарламаларды жариялай алады.

33-бап

Дивидендтер

1. Жалпы Жиналыс дивидендтер ретінде резервтердің бөлінуін қамтамасыз еткеннен кейін таза табыс пен бөлінбеген пайданың бөлігін анықтайды. Кез келген жағдайда жазылым бойынша шығарылған акционерлік капиталдың жиырма бес пайызын (25%) құрайтын резерв сомасына қол жеткізілгенге дейін ешқандай дивиденд бөлінбейді.

2. Дивидендтер әрбір мүшеде бар акционерлік капиталдың төленген бөлігіне мөлшерлес тепе-тең бөлінеді.

3. Дивидендтер Жалпы Жиналыс анықтайтын тәсілмен және валютада немесе валюталарда төленеді.

34-бап

Банкпен қарым-қатынастар

1. Корпорация тәуелсіз және Банкпен жеке жұмыс істейтін құрылым болып табылады. Корпорацияның қаражаты мен шоттары екі ұйым да бір ғана жобаны бірлесіп қаржыландыра алатынына және өз қаражатын бірлесіп инвестициялай алатынына қарамастан, олар туралы жазбаларды өз кітаптарында олардың жеке жүргізу шартымен Банктің қаражаты мен шоттарынан жеке және басқаша сақталады және жүргізіледі. Осы тармақтың ережелері Корпорацияға ұйымның бірінің екіншісінің пайдасына төленетін әкімшілік шығыстарын өтеуге байланысты материалдық қаражатқа, қызметтік персоналға, қызметтерге және басқаларға қатысты Банкпен уағдаластықтарды белгілеуде кедергі келтірмейді.

2. Корпорация Банкпен келісілуі мүмкін болатынын ескере отырып, Банктің объектілері мен ғимараттарын мүмкіндігінше пайдаланады.

3. Осы Келісімде ешбір нәрсе Корпорацияны Банктің іс-қимылдары немесе міндеттемелері үшін немесе Банкті Корпорацияның іс-қимылдары немесе міндеттемелері үшін жауапкершілікпен байланыстырмайды.

V ТАРАУ

КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚҰРАМЫНАН ШЫҒУ ЖӘНЕ МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТА ТҰРУ

35-бап

Корпорацияның Құрамынан Шығу Құқығы

1. Корпорацияның кез келген мүшесі істегісі келетін өзінің ниеті туралы Директорлар Кеңесінің Төрағасын жазбаша түрде хабардар ете отырып, оның құрамынан шыға алады. Осындай шешім хабарламада көрсетілген күні, бірақ қалай болғанда да осындай хабарлама Корпорацияға ұсынылған күннен бастап кем дегенде алты ай өткеннен кейін күшіне енеді. Осындай шешім күшіне енгенге дейін кез келген уақытта Корпорация мүшесі оны жазбаша түрде хабардар ете отырып, оның құрамынан шығуы туралы өзінің ниетінен бас тарта алады.

2. Корпорацияның құрамынан шығатын оның мүшесі шығу туралы хабарламаны берген күні оған қолданылған міндеттемелер үшін жауапты болып қалады. Алайда, егер Корпорацияның құрамынан шығу туралы шешім күшіне енсе, Корпорацияның мүшесі соңғысы оның құрамынан шығу туралы хабарлама алған күннен кейін жүзеге асырылған Корпорацияның қызметіне байланысты міндеттемелер үшін ешқандай жауап бермейді.

36-бап

МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТА ТҰРУ

1. Өз тарапынан Корпорацияның алдындағы міндеттемелердің қандай да бірін орындамау орын алған Корпорация мүшесінің қатысуы дауыс беруге қатысу құқығы бар мүшелердің жалпы санының кемінде төрттен үші беретін дауыспен тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Қатысуы осылайша тоқтатылған мүше, оның мүшелігі тоқтатыла тұрған күннен кейін бір жыл ішінде, егер Жалпы Жиналыс осы уақыт аралығы ішінде өзі туралы осы Баптың (1) тармағында айтылған көпшілік дауыспен тоқтата тұруды ұзарту немесе болдырмау жөнінде шешім қабылдаса, Корпорацияның мүшесі болуын автоматты түрде тоқтатады.

3. Тоқтата тұруға қарамастан, Корпорацияның мүшесі Корпорацияның құрамынан шығу құқығынан басқа, оған осы Келісімге сәйкес берілетін ешқандай құқықтарды жүзеге асыра алмайды, бірақ оған ол орындауға жататын оның міндеттемелері бұрынғысынша қолданылады.

37-бап

Мүшелікті Тоқтата тұруға Байланысты Құқықтар мен Міндеттемелер

1. Өзінің мүшелігі тоқтатылған сәттен бастап Корпорацияның қатысушысы Корпорацияның пайдаларына немесе шығындарына бұдан былай қатыспайды және Корпорацияның осыдан кейін қабылдаған қаржыландыруына және кепілдіктеріне қатысты ешқандай жауап бермейді. Корпорация осы Баптың ережелеріне сәйкес шоттардың бөлігін төлеу ретінде онымен осындай мүшенің акционерлік капиталының сомасын қайта сатып алуды жүргізеді.

2. Корпорация және оның мүшесі Корпорацияның аталған мүшесінің мүшелігін тоқтатуды және акцияларын қайта сатып алуды келісе алады. Егер осындай келісімге Корпорацияның осындай мүшесі өз мүшелігін тоқтатуға өз ниетін білдірген күннен кейін үш ай ішінде немесе екі тараптың арасында келісілген мерзім ішінде қол жеткізілмесе, Корпорация мүшесінің акцияларын қайта сатып алу бағасы Корпорацияның мүшесі Корпорацияға өзінің жататынын тоқтатқан күнге олардың баланстық құнына теңестіріледі; осындай баланстық құн аудиті жүргізілген Корпорацияның соңғы қаржылық есептерінің негізінде анықталады.

3. Акцияларды төлеу Банк осы Келісімге сәйкес елге - Корпорацияның бұрынғы мүшесіне аударған және 10-бапқа (2) сәйкес оның атынан төлеген акцияларды қайта сатып алу бағасын Банкке жүргізу шартымен оның қаржылық ережелерін ескере отырып, Корпорация анықтайтын осындай жарналарда және осындай мерзімдерде және осындай иеліктегі валюталарда жүргізіледі.

4. Корпорацияның бұрынғы мүшесіне осы Бапқа сәйкес оның акциялары үшін

тиесілі ешқандай сома ол Корпорациядағы өз мүшелігін тоқтатқан күннен кейінгі бір ай өткенге дейін төленбейді. Егер осы уақыт аралығында Корпорация өзінің қаржылық операцияларын тоқтата тұрса, Корпорацияның осындай мүшесінің құқықтары 38-баптың ережелеріне сәйкес анықталады және Корпорация мүшесі оның дауыс беруге ешқандай құқығының жоқтығын қоспағанда, жоғарыда айтылған Баптың мақсаттары үшін бұрынғысынша тап осындай болып саналады.

38-бап

Қаржылық Операцияларды Тоқтата Тұру

Төтенше жағдайлар болған жағдайда, Директорлар Кеңесі Жалпы Жиналыстың ахуалды қарауға және тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндігі болған уақытқа дейін жаңа инвестицияларға, қаржыландыруға және кепілдіктерге қатысты қаржылық операцияларды тоқтата тұра алады.

39-бап

Қаржылық Операцияларды Тоқтату

1. Корпорация оның мүшелеріне тиесілі дауыстардың жалпы санының кемінде төрттен үшін беретін мүшелердің жалпы санының үштен екісінің көпшілігімен қабылданған Жалпы Жиналыстың шешімі бойынша өзінің қаржылық операцияларын тоқтата алады. Қаржылық операцияларды тоқтатқаннан кейін Корпорация оның мүлкін сақтауға, күзетуге және сатуға және оның міндеттемелері бойынша есеп айырысуларға байланысты оның түрлерінен басқа, барлық қызметті тез арада тоқтатады.

2. Осындай міндеттемелер бойынша түпкілікті есеп айырысуға және мүлікті бөлгенге дейін Корпорация тіршілігін жалғастырады және осы Бапта көзделгеннен басқа Корпорацияның ешбір мүшесінің қатысуы тоқтатыла тұрмайтынын және тоқтатылмайтынын және Корпорация мүшелерінің арасында ешқандай бөлу жүргізілмейтінін қоспағанда, Корпорация мен оның мүшелерінің ешбір өзара құқықтары мен міндеттемелері осы Келісімге сәйкес жеңілдетілмейді.

40-бап

Корпорация Мүшелерінің Міндеттемелері және Талаптар бойынша Төлемдер

1. Капиталға жазылымнан туындайтын мүшелердің міндеттемелері шартты міндеттемелерді қоса алғанда, Корпорацияның міндеттемелері бойынша толық есеп айырысқанға дейін күшінде қалады.

2. Тікелей талаптары бар барлық кредиторларға ақы төлеу, егер шотына осындай

талаптар жатқызылатын капиталға төленбеген жазылымдар бойынша Корпорацияға тиесілі осындайлар болса, шотына осындай міндеттемелер жатқызылатын Корпорацияның активтерінен, содан соң басқа резервтерден, содан соң акционерлік капиталдың төленген бөлігінен, содан соң төлемдерден жүргізіледі. Тікелей талаптары бар кредиторларға қандай да болмасын төлемдерді жүзеге асырғанға дейін Директорлар Кеңесі өзінің пікірінше тікелей және шартты талаптары барлардың арасында тепе-тең бөлуді қамтамасыз ету үшін қажетті болып табылатын осындай қажетті дайындықтарды жүргізеді.

41-бап

Активтерді Бөлу

1. Корпорацияның акционерлік капиталына төленген жазылымының шотына мүшелердің арасында активтерді ешқандай бөлу кредиторлардың алдындағы барлық ақшалай міндеттемелер өтелгенше немесе қамтамасыз етілгенше жүргізілмейді. Осындай бөлуді Жалпы Жиналыс дауыс беруге қатысу құқығы бар мүшелердің жалпы санының кемінде төрттен үші беретін мүшелердің жалпы санының үштен екісінің дауысымен мақұлдауы тиіс.

2. Мүшелердің арасында активтерді кез келген бөлу оларға тиесілі акционерлік капиталдың төленген бөлігіне тепе-тең жүргізіледі және Корпорация әділ және тең деп санайтын осындай жағдайларда және осындай шарттарда жүргізіледі. Бөлінген активтердің үлесі активтердің түріне

қатысты біртектес болуы міндетті емес. Активтерді осындай бөлу кезінде мүшелердің ешқайсысына Корпорация алдындағы барлық өз міндеттемелері мәселесін реттегенге дейін өз үлесін алуға құқық берілмейді.

3. Осы Бапқа сәйкес бөлінетін активтерді алушы кез келген мүше оларды бөлгенге дейін Корпорация пайдаланған активтерге қатысты құқықтарды пайдалана алады.

VI ТАРАУ

ИММУНИТЕТ ЖӘНЕ БАСЫМ ҚҰҚЫҚТАР

42-бап

Тараудың мақсаты

Корпорацияға оған жүктелген функцияларын орындауға мүмкіндік беру үшін осы Тарауда айтылатын иммунитет және басым құқықтар Корпорацияға әрбір мүше-елдің аумағында беріледі.

43-бап

Сот Рәсіміне Қатысты Корпорацияның Ұстанымы

1. Корпорацияға қатысты қуынулар Корпорацияның өкілдігі бар, сот құжатын тапсыруды немесе сот бұйрығы туралы хабарламаны қабылдау үшін өкілді тағайындаған немесе бағалы қағаздарды шығарған немесе кепілдік берген мүше-елдің аумағында тиісті заңдық юрисдикция сотында ғана жасалуы мүмкін.

2. Алайда, мүшелер немесе әрекет ететін немесе мүшелерден талаптар алатын тұлғалар қызметтік персоналға қатысты мәселелерге байланысты Корпорацияға қарсы ешқандай қуыну жасамайды.

3. Орналасқан орнына қарамастан және кімде сақталып жатқанына

қарамастан, Корпорацияның меншігі мен активтерінің сот тәртібімен алудың барлық нысандарынан, оларға тыйым салудан немесе Корпорацияға қатысты түпкілікті сот шешімі шыққанға дейін соттың атқаруынан иммунитеті бар.

44-бап

Мүліктің Алудан Иммунитеті

Орналасқан орнына қарамастан және олардың кімге тиісті екендігіне қарамастан Корпорацияның меншігі мен активтерінің тексеруден, иеліктен айырудан, тәркіленуден, экспроприациядан немесе атқарушы немесе заң билігінің кесімдерімен алудың басқа кез келген нысандарынан иммунитеті бар.

45-бап

Мұрағаттарға Қол Сұғылмаушылығы

Корпорация мұрағаттарына қол сұғылмайды.

46-бап

Салымдардың құпиясы

Корпорация салымшылардың шоттарына қатысты толық құпияны сақтайды және оның мүшелері де осындай салымдар туралы ақпаратқа қол сұқпауды сақтайды.

47-бап

Мүлікті Шектеуден Босату

1. Осы Баптың (2) тармағын ескере отырып және осы Келісімде көзделетін қызметті

орындау үшін қажетті шекте Корпорацияның барлық меншігі мен активтері шектеуден, реттеу мен бақылаудан және кез келген сипаттағы тоқтам салудан босатылады.

2. Корпорация алған немесе кез келген елдің аумағында жүзеге

асырылған Корпорацияның инвестициясына қатысты оған төлеуге жататын қаражат осы Келісімнің 4 (1) бабына сәйкес осы келісімнің қандай да бір ережесінің негізінде ғана мүше-елдің аумағында әрекет ететін жалпы қолданылатын валюталық шектеулерден, реттеуден және бақылаудан босатылмайды.

48-бап

Коммуникацияларға қатысты басым құқықтар

Корпорацияның ресми коммуникацияларына әрбір мүше-ел басқа мүше елдердің ресми коммуникацияларына беретін режим ұсынылады.

49-бап

Лауазымды Тұлғалар мен Қызметшілердің Иммунитеті мен Басым Құқықтары

Лауазымды тұлғалар мен Қызметшілердің Иммунитеті және Басым Құқықтары Жалпы жиналыстың барлық мүшелері, Директорлар Кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Бас Басқарушы, Корпорацияның лауазымды тұлғалары және қызметшілері:

(i) олардың лауазымдық орнында жасалған іс-әрекеттеріне қатысты заңды процестерден иммунитеттері бар;

(ii) жергілікті азаматтар болып табылмайтын тұлғаларға басқа мүше елдердің ұқсас дәрежедегі өкілдеріне, лауазымды тұлғаларына қызметшілеріне мүше-елдер ұсынатын сондай иммиграциялық шектеулерден, шетелдіктерді тіркеу жөніндегі талаптардан және мемлекеттік міндеттілік жөніндегі міндеттемелерден иммунитет және валюталық шектеулерге қатысты сондай жеңілдіктер ұсынылады;

(iii) оларға басқа мүше елдердің ұқсас дәрежедегі өкілдеріне, лауазымды тұлғалары мен қызметшілеріне мүше-елдер ұсынатын жол жүруге байланысты жеңілдіктерге қатысты сондай режим ұсынылады.

50-бап

Салық салудан Иммунитет

1. Корпорацияның, оның активтерінің, меншігінің, табыстарының және осы Келісіммен жол берілетін оның қаржы операциялары мен мәмілелерінің кез келген

салық салудан және барлық кеден баждарынан иммунитеті бар. Сол сияқты Корпорация қандай да бір салықты немесе бажды алу немесе төлеу жөніндегі ақшалай міндеттемелерден иммунитеті бар.

2. Корпорацияның Төрағасына немесе Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Бас Басқарушысына, лауазымды тұлғаларына немесе қызметшілеріне Корпорация төлейтін еңбекақы және жалақыдан немесе оларға қатысты ешбір салық өндіріп алынбайды.

3. Қандай-да бір сипаттағы ешқандай салық салу:

(a) осындай міндеттемені немесе бағалы қағазды Корпорация шығарғандықтан, оған қатысты кемсітушілікті жүргізетін; немесе

(b) егер осындай салық салу үшін юрисдикцияның бір ғана негізі орын немесе ол шығарылатын валюта болып табылса, төлеуге жатады немесе төленеді немесе жұмыс істеуін Корпорация қамтамасыз ететін қандай да бір өкілдіктің тұрған орны немесе қызмет орнының орналасуы кімге тиесілі екендігіне қарамастан, қандай да бір міндеттемеге немесе Корпорация шығарған бағалы қағазға (одан алынатын кез келген дивидендті немесе табысты қоса алғанда) қатысты белгіленбейді.

4. Қандай да болмасын сипаттағы ешқандай салық салу:

(a) осындай облигацияны немесе бағалы қағазға Корпорация кепілдік бергендіктен, оған қатысты кемсітушілікті жүргізетін; немесе

(b) егер осындай салық салу үшін юрисдикцияның бір ғана негізі жұмыс істеуін Корпорация қамтамасыз ететін қандай да бір өкілдіктің тұрған орны немесе қызмет орнының орналасуы кімге тиесілі екендігіне қарамастан Корпорация шығарған қандай да бір облигацияға немесе бағалы қағазға (одан алынатын кез келген дивидендті немесе табысты қоса алғанда) қатысты белгіленбейді.

51-бап

Тарауды Қолдану

Әрбір мүше-ел осы Тарауда айтылатын оның меншікті заңнамасы мағынасында қағидаттарының пәрменділігін қамтамасыз ету мақсаты үшін оның меншікті аумағында қажет болып табылатын осындай іс-әрекетті орындайды және ол қолданған барлық іс-қимылдар туралы Корпорацияны хабардар етеді.

52-бап

Бас тарту

Корпорация өзінің карауынша осы Бапқа сәйкес ұсынылатын басым құқықтардың және кез келгенінен иммунитеттен ол анықтай алатын осындай шекте және осындай шарттарда бас тарта алады.

VII ТАРАУ

ТҮЗЕТУЛЕР, ТҮСІНДІРУ, ТӨРЕЛІК СОТ

53-бап Түзетулер

1. Осы Келісімге дауыс беруге қатысу құқығы бар мүшелердің жалпы санының кемінде төрттен үшін беретін мүшелердің жалпы санының үштен екісі қабылдаған Жалпы Жиналыстың шешімі бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін.

2. Осы Баптың (1) тармағының ережелеріне қарамастан кез келген түзетуді мақұлдау үшін Жалпы Жиналыстың бір ауыздан келісуі талап етіледі, оның негізінде:

a) осы Келісімнің 35 (1) Бабында көзделетіндей, Корпорациядан шығу құқығы;

b) 9-Баптың (5) тармағында көзделетіндей, Корпорацияның капиталын ұлғайту кезінде акцияларға жазылу құқығы; және

c) 12-Бапта айтылған міндеттемелер бойынша шектеулер өзгертіледі.

3. Осы Келісімге түзетулер енгізу туралы ол Корпорация мүшесінен немесе Директорлар Кеңесінен туындағанына қарамастан, кез келген ұсыныс туралы Жалпы Жиналыстың қарауына ұсыныс жасайтын Жалпы Жиналыстың Төрағасына хабарланады. Корпорация түзетулер қабылданғаннан кейін Құзыретті органдардың барлық мүшелеріне жіберілетін ресми хабарында оны растайды. Түзетулер егер Жалпы Жиналыс өзге уақытты көрсетпесе, ресми хабар жасалған күннен кейін барлық мүшелер үшін күшіне енеді.

54-бап Тілдер, Түсінік беру және Қолдану

1. Араб тілі Корпорацияның ресми тілі болып табылады. Бұдан басқа, Ағылшын және Француз тілдері жұмыс бабында қолданылуы мүмкін. Араб тіліндегі осы Келісім мәтінінің түсіндіру үшін де, қолдану үшін түпнұсқалық күші бар.

2. Қандай да бір мүше мен Корпорация арасында немесе мүшелері арасында туындайтын осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге байланысты кез келген мәселе шешу үшін Директорлар Кеңесінің қарауына ұсынылады.

3. Кез келген жағдайда, Директорлар Кеңесі осы Баптың (2) тармағына сәйкес шешім шығарған кезде, кез келген мүше шешімі түпкі болып табылатын Жалпы Жиналыстың қарауына мәселенің ұсынылуын талап ете алады. Жалпы Жиналыс шешім қабылдағанға дейін Корпорация, ол қажет деп санайтындықтан Директорлар Кеңесінің шешімі негізінде әрекет ете алады.

55-бап Төрелік сот

Егер Корпорацияның қызметін тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін Корпорация мен осындай болуды тоқтатқан мүше арасында немесе Корпорация мен қандай да бір мүше арасында келіспеушілік туындаса, осындай келіспеушілік үш төрешіден тұратын сотта төрелік талқылауға ұсынылады. Төрешілердің бірін Корпорация, басқасын - ол туралы сөз болып отырған мүше тағайындайды, әрбір тарап төрелік талқылау туралы сұраныс жасаған күннен бастап алпыс күн ішінде жұмыс істейді. Үшінші төреші екі жақтың келісімі бойынша тағайындалады және егер алпыс күннің ішінде олардың арасында келісімге қол жеткізілмесе, басқа тараптың өтініші бойынша сол сияқты тарап жоғарыда көрсетілген уақыт аралығында тағайындалмаған төрешіні тағайындайтын Ислам Сотының қазіргі Төрағасы тағайындайды. Егер, барлық күш салуларға қарамастан, төрешілер бір ауызды шешімге қол жеткізбесе, шешім үш төрешінің көпшілік дауысымен қабылданады. Үшінші төрешіге тараптар бұл тұрғыда келісімге келмеген, кез келген жағдайда барлық рәсімдік мәселелерді шешуге уәкілеттік беріледі.

56-бап

Берілген Болып Саналатын Мақұлдау

Корпорация жасауы мүмкін кез келген әрекетке дейін қандай да бір мүшені мақұлдау қажет болатын әрбір кезде, егер мүшені ұсынылатын іс-әрекет туралы хабардар ете отырып, Корпорация тағайындауы мүмкін осындай келісілген уақыт аралығында мүшелер қарсылық білдірмесе, мақұлдау берілген болып саналады.

VIII ТАРАУ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

57-бап

Корпорацияның Бас Офисі

1. Сауд Арабиясы Корольдігінің Жиддадағы Банктің Бас Офисі Корпорацияның Бас офисі болып табылады.

2. Корпорацияның Директорлар Кеңесі оның мүше-елдерінің кез келген аумағында басқа да офистер құра алады.

58-бап

Қаржы Жылы

Банктің Қаржы Жылы Корпорацияның Қаржы Жылы болып табылады.

59-бап

Байланыс Арналары, Депозитарийлер

1. Әрбір мүше осы Келісімге байланысты мәселелер бойынша

Корпорациямен байланыс мақсаты үшін өз меншігіндегінің ішінен нақты мекемені тағайындайды.

2. Депозитарий ретінде әрбір ел-мүше өзінің орталық банкін немесе тағайындалуы Корпорациямен келісілуі мүмкін осындай басқасын мекемені тағайындайды, онда Корпорация осы мүшенің валютада өзінің авуарларын, сондай-ақ Корпорацияның басқа да активтерін сақтауы мүмкін.

IX ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

60-бап

Қол Қою және Қабылдау

1. Осы Келісім тізімі А Қосымшасында келтірілген Банк өкілдері, Банктің мүше-елдері 2000 жылғы 5 сәуірге сәйкес келетін Қыжыраның 1420 жылғы Дзуль Хиджа айының 30 күніне (Григориан Күнтізбесі бойынша) немесе Корпорацияның Директорлар Кеңесі белгілейтін осындай неғұрлым кеш мерзімге дейін басқа да ықтимал мүшелер қол қою үшін әрқашан ашық Банкке сақтауға беріледі. Осы Келісімге әрбір қол қоюшы Банкке ол өзінің меншікті заңдарына немесе ережелеріне сәйкес осы Келісімді қабылдағаны немесе бекіткені және осы Келісімге сәйкес туындайтын барлық оның міндеттемелерін орындау мүмкіндігі болуы үшін қажетті әрекет жасағаны айтылатын құжатты сақтауға береді.

2. Банк осы Келісімнің расталған көшірмелерін барлық мүшелерге береді және тиісті түрде алдыңғы тармаққа, сондай-ақ олардың күніне сәйкес жүргізілген қабылдау немесе бекіту туралы құжатқа қол қою немесе сақтауға беру туралы олардың әрқайсысын хабардар етеді.

3. Корпорация өзінің қызметін бастаған күні немесе күннен кейін

Банк кез келген елден немесе мүшелігі осы Келісімнің 7-бабының (2) тармағына сәйкес мақұлданған мекемеден осы Келісімнің қабылданғаны туралы қол қойылған құжатты және кесімді алуы мүмкін.

61-бап

Күшіне Енуі

1. Осы Келісім 60-баптың (1) тармағына сәйкес қабылдау немесе бекіту туралы құжаттарға:

(a) Банк;

(b) Бас Офис орналасқан ел; және

(c) кемінде төрт басқа мүше-елдер қол қойған және сақтауға берген

күні күшіне енеді.

2. Келісім күшіне енген күнге дейін қабылдау немесе бекіту туралы құжаттары сақтауға берілген елдер мен мекемелер осы күні мүшеге айналады. Басқа елдер мен мекемелер қабылдау немесе бекіту туралы олардың құжаттарын сақтауға берген күні мүшеге айналады.

62-бап

Қызметтің Басталуы

Осы Келісім 61-баптың (1) тармағына сәйкес күшіне енгізілгеннен кейін, әрбір мүше өкіл тағайындайды, Банк Президенті Жалпы Жиналысты шақырады. Корпорация осындай кездесуді өткізген күні өзінің қызметін бастайды.

Сауд Арабиясы Корольдігі, Жидда қаласында 1999 жылғы 3 қарашаға сәйкес келетін Қыжыраның 1420 жылғы Раджаб айының 25 күні төменде өзінің қолымен осы Келісімнің депозитарийі ретінде әрекет етуге және атаулары А Қосымшасында келтірілген елдердің барлық үкіметтерін осы Келісімнің 61-бабының (1) тармағына сәйкес осы Келісімнің күшіне енетін күні туралы хабардар етуге өз келісімін білдірген Ислам Даму Банкінің мұрағаттарында сақтауға берілетін және қалдырылатын ағылшын және француз тілдеріне аудармасымен араб тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды.

А Қосымшасы

Ислам Даму Банкі мен мүше-елдердің бастапқы қол қоюына арналған корпорациялардың жарғылық капиталындағы акциялар
(Әрбір акцияның аталуы құны: 10,000 АҚШ доллары)

Акционер	Акциялар саны
Ислам Даму Банкі	25,000
Әзірбайжан	4
Албания	7
Алжир	475
Ауғанстан	17
Бангладеш	188
Бахрейн	44
Бенин	18
Бруней Даруссалам	47

Буркина-Фасо	48	
Габон	51	
Гамбия	16	
Гвинея	47	
Гвинея-Бисау	13	
Джибути	10	
Египет	401	
Индонезия	475	
Ирак	82	
Иран	1,337	
Йемен	95	
Иордания	76	
Қазақстан	3	
Камерун	40	
Катар	188	
Комор аралдары	4	
Кувейт	1,899	
Қырғызстан	3	
Ливан	19	
Ливия	2,016	
Мавритания	16	
Малайзия	304	
Мали	19	
Мальдив	16	
Марокко	95	
Мозамбик	14	
Нигер	39	
Біріккен Араб Әмірліктері		1,082
Оман	53	
Пәкістан	475	
Палестина	26	
Сауд Арабиясы		3,812
Сенегал	47	
Сирия	19	
Сомали	16	
Судан	63	
Суринам	5	
Сьера-Леоне	6	
Тәжікстан	3	

Того	3
Тунис	38
Түркіменстан	3
Түркия	1,176
Уганда	39
Чад	11
<hr/>	
Барлығы	40,003

Келісімнің мәтінінде пайдаланылатын және ислам қаржы ісінде қолданылатын арнаулы терминдер жөнінде түсініктер

Шариғат - имандылық пен ислам белгілеген күнделікті құлықтық іс-тәжірибелер ережелерінің жиынтығы.

Истисна - тараптардың белгілі бір тауар шығаруға алатын міндеттемесіне сәйкес, оны белгіленген баға бойынша және берудің белгілі бір күнінде белгілі бір келісім-шарттық ерекшеліктерге сай өндірілуі мүмкін болатын шарт.

Салам - төлем төлеу аванспен жүргізілетін сауда-саттық жасауға арналған келісім-шарт.

Мудароба - әріптестік нысаны, мұнда бір тарап қаржы ресурстарын қамтамасыз еткенде, екінші тарап сараптау қызметтерін және басқаруды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда бірінші тарап Рабаль-Мал ретінде, ал екінші тарап Мудариб ретінде белгіленеді. Кез келген пайда екі тарап арасында алдын ала келісілген негізде бөлінуі мүмкін капитал жұмсауды қамтамасыз ететін әріптес зиян шегеді. Мудароба бірінші тарапты да, екінші тарапты да қамтитын бірнеше әріптестердің басын қосуы мүмкін.

Мурахаба (мурабаха) - сатып алушы мен сатушы арасындағы сатушы тауардың сатып алған түпнұсқа тауардың бағасына қарағанда неғұрлым жоғары баға бойынша сатуға арналған келісім-шарт. Мурахаба қаржы құралы ретінде сатушылардың (қаржыгер) сатып алушы үшін қажет белгілі бір тауарларды сатып алуды және жұмсалған шығындарға үстемеақы қосу негізінде оларды сатып алушыға қайта сатуды қамтиды. Пайда (үстемеақы) және төлем уақыты (әдетте бөліп-бөліп төлеу) бастапқы келісім-шартта келісіледі.

Бөліп-бөліп төлеу арқылы сату - қаржыландырудың орташа мерзімдік нысаны, мұнда Банк машиналар мен жабдықтар сатып алады. Одан кейін алушыға неғұрлым жоғары баға бойынша сатады. Төлем тең және теңдей үлестермен жүзеге асырылады. Активтерді иелену құқығы алушыға (келісім-шарттың орындалуының барлық

уақытында иелену құқығы сатушыда қалатын лизингтен (иджарадан) өзгеше), жеткізілім фактісі бойынша беріледі.

Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясының (ИДК) Иммунитет және Басым Құқықтары бойынша Түсініктемелер

(1) Келісімнің VI Тарауында негізінде ИДК құрылатын ИДК-ға берілетін иммунитет және басым құқықтарының саны, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне берілетін оның мүлкі және меншігі келісіледі. Осындай құқықтар мен дамыту жөніндегі халықаралық мекемелерге берілетін құқықтар арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ.

(2) ИДК мақсаты бұл туралы Келісімнің 3 (1) Бабында айтылғандай даму жөніндегі халықаралық мекемелер болып табылады, Шарифаттың қағидаттарына сәйкес елдердің - олардың мүшелерінің экономикалық дамуына осылайша Ислам Даму Банкінің (ИДБ) қызметін толықтыру үшін тауарлар өндіретін және қызметтер көрсететін жеке кәсіпорындарды құру, кеңейту және жаңғырту арқылы жәрдемдесу болып табылады.

(3) Даму жөніндегі халықаралық мекеме ұсынатын иммунитет және басым құқықтарының мақсаты - осындай мекемелерге жүктелген функцияларды неғұрлым табысты орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. ИДК Келісінде айтылатын осындай құқықтар қызметі жеке секторды дамытуға байланысты ұқсас мекемелер пайдаланатын құқықтардан айырмашылығы жоқ. Осындай құқықтарды Халықаралық Қаржы Корпорациясы (ХҚК), Дүниежүзілік Банктің еншілес компаниясы берген құқықтармен салыстырғанда 43-Баптың (Сот Рәсіміне Қатысты Корпорацияның Ұстанымы), 44-Баптың (Алудан Мүліктің Иммунитеті) және 45-Баптың (Мұрағаттардың қол сұғылмаушылығы) ережелері ХҚК Келісімінің VI Бабының тиісінше 3, 4 және 5-Бөлімдеріне ұқсас екені байқалады. ИДК Келісімінің 47 (1) және 47 (2) Баптары (Мүліктің Шектеулерден Босатылуы) тиісінше ХҚК Келісімінің VI Бабының 6-Бөліміне және III Бабының 5-Бөліміне ұқсас. Екінші жағынан, ИДК Келісімінің 48 (Хабарлауға Қатысты Басым Құқықтар), 49 (Лауазымды Тұлғалар мен Қызметшілердің Иммунитеті және Басым Құқықтары) және 50 (Салық салудан алынатын Иммунитет) Баптары сол сияқты оның негізінде ХҚК құрылатын Келісімнің VI Бабының тиісінше 7, 8 және 9-Бөлімдеріне ұқсас.

(4) Екінші жағынан, ИДК қызметі жеке секторға байланысты болатынын ескере отырып, кейбір оған берілетін иммунитет және басым құқықтар ХҚК беретін құқықтардан төмен. Мысалы, ИДК Келісімінің 43-Бабы ереже ретінде Корпорацияға қатысты соттың талап қою арызына жол береді, оның есесіне ИДБ қатысты қуынымдар ИДБ Келісіміне (52-Бап) сәйкес ИДБ-ға кез келген заңды процестен иммунитет беретін жалпы ережеден өзгеше ерекшелік түрінде ғана мәлімделуі мүмкін. Сол сияқты ИДК Келісімінің 47-Бабының 2-тармағында валюталық шектеулер мен бақылауға қатысты

Келісім ИДК-ға мүше-елдің аумағында әрекет ететін валюталық шектеулер мен бақылаудан иммунитет бермейтіндігі айтылады. ИДБ Келісімінің тиісті Бабында осындай ешқандай иммунитет туралы айтылмайды. ИДБ Келісімінің 25 (2) Бабы еркін айырбасталымды валютаға ИДБ иелік ететін оның валютасын мүше-елдерді тез қайта есептеуді жеңілдетуге міндеттейтінін атап өту керек. Дәл сол Баптың 4-тармағында " мүше-ел Банк үшін қолайлы еркін айырбасталымды валютада Банкпен пайданы аудару және капиталды өз еліне қайтаруға ешқандай шектеулер белгілемейтіні" айтылады.

(5) ИДК беретін иммунитет және басым құқықтарды пайдаланатын субъект-ұйымдарға қатысты құқықтарды ол инвестициялауы мүмкін ИДК және жобалар арасындағы аражікті ажыратуы қажет. Осылайша, егер ИДК өзімен жоба арқылы байланысты компанияның меншікті капиталын инвестицияласа, осындай қатысу оның сомасына қарамастан оның пайдасына қатысты корпорацияның

табыстарынан салық төлеуден сондай компанияны босатпайды және сол сияқты импорттайтын тауарларға кеден баждарын салудан осындай компанияны босатпайды. Осыған керісінше, ИДК алған дивидендтер және ол өз акцияларын сату кезінде алатын баға салық салудан босатылатын болады. Өз қызметінде пайдалану үшін ИДК импорттайтын тауарлар да кеден баждарынан босатылатын болады.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.